

Байқауға қатысу үшін Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарына түскен және білім алып жатқан тұлғалар келесі құжаттарды ұсынады:

1) Электронды өтінім беру кезінде автоматты түрде қалыптастырылады, сондықтан өтінімнің сканерленген нұсқасын қосымша ұсыну **талап етілмейді**;

2) Жеке басты куәландыратын құжаттың көшірмесі (жеке куәлік/туу туралы куәлік/паспорт) ЖСН-мен бірге;

3) Алдыңғы білім алғанын растайтын құжаттың көшірмесі (ҰБТ/КТ сертификаты немесе диплом), сондай-ақ алдыңғы оқу жылы бойынша оқу үлгерімі туралы мәліметтер:

– ҰБТ сертификаты бойынша кемінде 80 балл (максималды 140 балдан).

Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру мамандықтары мен біліктіліктерінің бекітілген Тізбесіне сәйкес шығармашылық дайындықты талап ететін білім беру бағдарламалары бойынша:

– ҰБТ сертификаты бойынша кемінде 15 балл (максималды 30 балдан) және шығармашылық емтихан нәтижесі бойынша кемінде 65 балл (максималды 100 балдан);

Қысқартылған оқу мерзімін немесе бейіндік магистратураны көздейтін білім беру бағдарламаларына түскен тұлғалар үшін:

– Қысқартылған оқу мерзімін немесе бейіндік магистратураны көздейтін білім беру бағдарламаларына түскен тұлғалар үшін – ҰБТ сертификаты бойынша кемінде 40 балл (максималды 70 балдан);

– Ғылыми-педагогикалық магистратураға түскен тұлғалар үшін:

– КТ сертификаты бойынша кемінде 90 балл (максималды 150 балдан);

– диплом бойынша кандидаттың үлгерімінің орташа балы бакалавриаттың 1 (бірінші) курсына түскен адамдар үшін кемінде 4,0 (5,0-ден);

– бакалавриаттың 1 (бірінші) курсын аяқтаған үміткерлер үшін GPA кемінде 3,0 (B);

– бакалавриаттың 2–3 (екінші, үшінші) курстарында оқуды аяқтаған кандидаттар үшін GPA кемінде 3,33 (B+)**;

– Жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің барлық курстарында оқитын кандидаттар үшін GPA кемінде 3,33 (B+) * *

4) Отбасының құрамы туралы анықтама (тек көпбалалы отбасылар үшін);

5) Келесі санаттардың біріне (немесе бірнешеуіне) жататынын растайтын құжат (бар болған жағдайда): аз қамтылған және (немесе) толық емес отбасы, мүгедектігі бар тұлға, жетім бала (жетім балалар);

6) Оқуға қабылданғаны/оқып жатқаны туралы анықтама (міндетті түрде келесі мәліметтер көрсетілуі тиіс: **заңды тұлғалар тарапынан төленетін 1**

(бір) оқу жылына арналған оқу ақысының құны, оқу курсы мен нысаны, қаржылық берешектің жоқтығы). Анықтама оқу орнының ресми бланкісінде немесе мөрімен расталуы қажет;

7) Байқауларға, олимпиадаларға және т.б. қатысқанын растайтын құжаттардың көшірмесі (бар болған жағдайда).

Жұмыс органы және (немесе) Комиссия қосымша құжаттарды сұратуға құқылы. 2026–2027 оқу жылында өтінімдер техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру мамандықтары мен біліктіліктерінің, сондай-ақ жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағыттарының Тізбесіне (бұдан әрі – Тізбе) сәйкес қабылданады. 2025–2026 оқу жылында Тізбеге кірмейтін мамандықтар мен білім беру бағдарламалары бойынша қаржыландырылған студенттер, егер байқаудың барлық талаптарына сәйкес келсе, конкурстық іріктеуге қатысу құқығына ие.